10. Қазіргі қазақстандық биология оқулықтарының проблемалары.

11. Биологияның оқыту мен тәрбие теориясының жалпығылыми әдіснамасы туралы түсінік.

12. Биологиялық білім беру зерттеулерінде қолданылатын әдіснамалық ыңғайлардың түрлері, олардың ерекшеліктері.

13. Биологиялық білім беру жүйесі туралы түсінік.

14. «Мәдениет», «құзыреттілік», «біліктілік», «білім-білік, дағдылар», «құндылық бағдарлары», «қарым-қатынас нормалары мен ережелері» ұғымдарының арақатынасы.

15. Педагогикалық зерттеулердің көкейкестілігін және ғылыми болжамын (-дарын) тұжырымдауға қойылатын талаптар.

16. «Зерттеу проблемасы», ондағы «қарама-қайшылық», «объект», «пән», «мақсат», «міндет» пен «ғылыми болжам» ұғымдарының арақатынасы.

17. Зерттеу нәтижелерін жазбаша ресімдеуде қолданылатын нұсқаулықтар, стандарттар, сөздіктер мен анықтамалықтар.

18. Биологияны оқытудағы «заңдар», «заңдылықтар» мен «принциптер» («дидактикалық принциптер») ұғымдарының арақатынасы.
19. Биологиялық білім берудегі оқыту мен тәрбиелеудің байланысы туралы заңдылық.
20. Биологиялық білім берудегі іс-әрекетті ынталандыру заңдылығы.
21. Биологияны оқытудың негізгі дидактикалық принциптері.
22. Н.М.Верзилин мен В.М.Корсунскаялар ұсынған мектептік биология курсы ұғымдарының жүйесі.
23. А.Н.Мягкова мен Б.Д.Комиссаровтар ұсынған мектептік биология курсы ұғымдарының жүйесі.
24. Оқыту әдістерінің эволюциясы мен биологияны оқытуда қазіргі кезде орныққан түрлері.
25. Мақсат иерархиясы мен биология пәнінің МЖБС-ы.
26. МЖБС, «білім беру мазмұны», «білім беру деңгейі», «білім беретін оқу бағдарламалары», «білім беру жүйесі», «базистік оқу жоспары» ұғымдарының арақатынасы.
27. Биологиялық білім берудің жалпы білім беретін мектептегі мазмұнын іріктеудің (мектептегі биология курсы пәндерінің оқу бағдарламаларын құрудың) тізбекті принципі.
28. Биологиялық білім берудің жалпы білім беретін мектептегі мазмұнын іріктеудің (мектептегі биология курсы пәндерінің оқу бағдарламаларын құрудың) концентрлік принципі.
29. «Білім беру вариативтілігі», «авторлық оқу бағдарламалары», «әртүрлі нұсқадағы оқу әдебиеті» ұғымдарының арақатынасы.
30. Жалпы білім беретін мектептерге биология курсы арналып жарық көрген авторлық оқу бағдарламалары мен оқу әдебиеттері (баспа, авторлар ұжымы, авторлық тұжырымдама, т.с.с. мәлімет).
31. Дүниетану (қоршаған дүние) курсының биология курсы пәндері үшін атқаратын пропедевтикалық рөлі.
32. Жаратылыстану пәнінің (5-сынып) биология курсы пәндері үшін атқаратын пропедевтикалық рөлі.
33. Биология курсының «Жалпы заңдылықтары» (9-сынып) пәнінің ерекшелігі.
34. Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағдарындағы 10–11-сыныптарында оқытылатын «Жалпы биология» курсының ерекшелігі.
35. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағдардағы 10–11-сыныптарында оқытылатын «Жалпы биология» курсының ерекшелігі.
36. Мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру стандарты, биология пәнінің МЖБС-ы мен мектеп түлегінің қасиет-сапалары арасындағы байланыс.
37. Оқыту әдістерінің классикалық жіктелісі (Е.И.Перовский мен Д.О.Лордкипанидзе бойынша).

38. Оқыту әдістері жіктелістерінің белгілі критерийлері (Ю.К.Бабанский бойынша).

39. Жалпығылыми зерттеудің теориялық әдістері мен оқушылардың логикалық ойлау мүмкіндігін дамыту арасындағы байланыс.

40. Жалпығылыми зерттеудің эмпирикалық әдістері мен педагогикалық эксперимент арасындағы байланыс.

41. Оқушылардың талдау (анализ), жинақтау (синтез), салыстыру, қорытындылау, нақтылау мен себеп-салдар байланысын дәлелдеу секілді логикалық операцияларға үйренуіне септігін тигізетін оқулық мәтіндері («Биология» өсімдік курсы мысалында).

42. Оқушылардың талдау, жинақтау, салыстыру, қорытындылау, нақтылау мен себеп-салдар байланысын дәлелдеу секілді логикалық операцияларға үйренуіне септігін тигізетін оқулық мәтіндері («Биология» жануар курсы мысалында).

43. Оқушылардың талдау, жинақтау, салыстыру, қорытындылау, нақтылау мен себеп-салдар байланысын дәлелдеу секілді логикалық операцияларға үйренуіне септігін тигізетін оқулық мәтіндері («Адам және оның денсаулығы» пәні мысалында).

44. Мектептік биология курсын оқыту әдістері: тарихы, бүгінгі жағдайы мен даму үрдістері.

45. Индукция, дедукция, талдау мен жинақтаудың өзара байланыстары.

46. Оқыту әдісі, тәсілі мен құралының бірлігі.

47. «Биология» өсімдік тарауын қорытындылайтын сабақтың технологиялық картасын құру, онда қорытынды сабаққа тән білім-біліктер мен құзыреттіліктер деңгейін жан-жақты тексеру мүмкіндіктеріне көңіл бөлу.

48. «Биология» өсімдік курсының бір тарауы бойынша сабақтардың мақсаттарын болжау жолын белгілеу, күтілетін нәтижеге жету ықтималдығын негіздеу.

49. «Биология» өсімдік курсының тарауын меңгерту процесін дамыта оқыту технологиялары арқылы жобалаудың ерекшеліктері (екі-үш сабақ мысалында).

50. «Биология» жануар курстарын жоспарлау қажеттілігі, оларды ұйымдастырып, өткізуге қойылатын талаптар (бір әлеуетті курстың сабағы мысалында).

51. «Адам және оның денсаулығы» пәнінің бір тарауын меңгерту процесін жеке тұлғаға бағыттап оқыту технологиялары арқылы жобалаудың ерекшеліктері (екі-үш сабақ мысалында).

52. «Адам және оның денсаулығы» пәнінің тақырыптарын медицина ғылымы салаларындағы жетістіктер жайлы мәліметтермен кіріктіре отырып оқыту ерекшеліктері (бір-екі сабақ мысалында).

53. Жаратылыстану-математика бағдарындағы «Жалпы биология» курсына таңдамалы курстарды жоспарлау қажеттілігі, оларды ұйымдастырып, өткізуге қойылатын талаптар (бір әлеуетті курстың сабағы мысалында).

54. Жаратылыстану-математика бағдарындағы «Жалпы биология» курсына қолданбалы курстарды жоспарлау қажеттілігі, оларды ұйымдастырып, өткізуге қойылатын талаптар (бір әлеуетті курстың сабағы мысалында).

55. Мектепте биологияны оқытудың материалдық базасын құру мен ұстау: теориялық аспектілер мен практикадағы өзекті мәселелер.

56. «Жалпы биология» курсындағы 10-сынып пәнінің мазмұнына кіретін, тіршіліктің құрылымдық жеке-дара деңгейлеріне қатысты тарауларды оқытуда құрастырмалы көрнекі құралдарды қолданудың маңызы («Клетка» тарауы мысалында).

57. Биология курсының мазмұнына кіретін, тіршілік процестеріне қатысты тақырыптарды оқытуда осы процестердің өтуін бейнелейтін анимацияларды қолданудың маңызы (бір-екі сыныптың сабақтары мысалында).

58. Мектептің жоғарғы сатысында биология пәндерінде тест тапсырмаларын қолдануда биологиялық білім беру қызметтерінің толыққанды орындалуының проблемасы.

59. Мектептегі биология курсынан өткізілетін сабақтарды тірі табиғат бұрышындағы, оқу-тәжірибелік учаскедегі жұмыстармен байланыстыру жолдары (бір сабақ мысалында).

60. Мектептік биологиялық білім беруден күтілетін нәтижеде экологиялық және валеологиялық мәдениеттің алатын орны.

Курстық жұмыстар тақырыптамасы (шамамен алынған)

1. Биологияны оқыту әдістемесінің осы курсты оқыту технологиясына ауысуына іргелендіру үрдісінің ықпалы.

2. Биологиялық білім берудегі экологияландыру принципі.

3. Гуманистік білім беру парадигмасының биологиялық білім беруде жүзеге асуының аспектілері.

4. Қазақстандағы биологиялық білім берудің XVIII ғ. соңынан бастап XX ғ. 90 жж. дейінгі дамуының бағыттары.

5. Т.М. Мұсақұловтың жаратылыстану пәндерін оқыту тұжырымдамасы: басты идеялары, принциптері мен мақсаттары әрі олардың іске асуы.

6. Қазақ тілінде жарық көрген кеңестік биология оқулықтары мазмұнының біртұтастығы.

7. Қазіргі биологиялық білім беруде вариативтілік принципінің жүзеге асуының өзекті мәселелері.

8. Материалистік философия биологияның оқыту мен тәрбие теориясы саласындағы отандық ғалымдардың жалпығылыми әдіснамасы іспеттес.

9. Қазіргі заман жағдайында биологияның оқыту мен тәрбие теориясы саласындағы жалпығылыми әдіснамалық ұстанымдарды ауыстыру перспективалары.

10. Мектептік биология курсының түлек бойындағы міндетті базалық құзыреттіліктерді қалыптастырудағы рөлі.

11. Биология пәнінің тақырыптарына MsOffice PowerPoint слайдтарын әзірлеу мен оларды сабақ кезінде пайдалануда дидактикалық принциптердің сақталу проблемасы.

12. Т.М.Мұсақұловтың мектеп оқушыларында биологиялық ұғымдарды қалыптастыру тұжырымдамасы.

13. ҚР мектептерінде орныққан биология курсы ұғымдарының жүйесі.

14. Биология-экологиялық тақырыптамаға қатысы бар терминдер мен атау сөздерді бекітетін терминологиялық сөздіктер арасындағы қарама-қайшылық – биологиялық ұғымдарды дамыту теориясының аса өзекті проблемасы.

15. Әртүрлі нұсқадағы оқу әдебиеті мен Қазақстан мектебі: өткені, бүгіні мен болашағы.

16. XXI ғ. мектебінде оқу-тәжірибелік учаскені ұйымдастыру: проблемалар мен оларды шешудің мүмкіндіктері.

17. Мектептегі биология курсының оқытуды сандық форматты оқулық басылымдармен өткізуге көшіру проблемасы.

18. Мектептегі биология курсының мазмұнында гуманитарлық аспектіні көздеудің маңызы.

19. Мектептік биология курсының оқытуда іс-әрекеттік теорияны негізгі идеялық сүйеніш етіп алу.

20. Мектептік биология курсының оқытудың теориялық негіздерін белгілеуде алыс-жақын шет мемлекеттерінің тәжірибесін ескерудің маңызы.

21. Мектептік биология курсының оқытуда К. Роджерстың фасилитативті оқыту теориясын негізгі идеялық сүйеніш етіп алу.

22. Мектептік биология курсының модульді оқыту технологиясын пайдалану.

23. Мектептегі биология курсының пәндердің тұжырымдамалық мнемосызбанұсқаларын жасап шығарудың теориялық негіздері мен В.Ф. Шаталовтың тірек сигналдарының конспектісі негізіндегі технологиясы.

24. Мектептік биология курсының белгілі бір тақырыптарын оқытуда жобалар әдісін пайдалану: өткені, бүгіні мен болашағы.

25. Мектептік биология курсы бойынша сабақтарды технологиялық карталар арқылы жоспарлаудың оқу-тәрбие процесінің тиімділігіне әсері.

26. Биология курсының оқушылардың жас шамасына, жеке басының ерекшеліктеріне қарай педагогикалық технологияларды таңдап, жүйелі пайдалану биолог-мұғалім ізгілігінің дәлелі іспеттес.

27. Елдегі білім берудің, соның ішінде биологиялық білім берудің стратегиялық даму бағыттары жөнінде мемлекеттік актілерді біле жүріп, оларды күнделікті қызметте пайдалану биолог-мұғалім отансүйгіштігінің дәлелі іспеттес.

Аралық бақылау сұрақтары

1. Қазіргі қоғамның білім беру мекемелеріне қоятын талаптарының өзгеруіне қарай түлекке және маманға қойылатын талаптар.

2. Оқыту әдісі ұғымының анықтамасы, оның эволюциясы.

3. Биологияның мазмұн ерекшелігіне байланысты өткізілетін сабақ түрлері.
4. Биологияны оқыту әдістемесінің пәні, мақсаты және міндеттері.
5. Биологиялық білімнің оқу-тәрбиелік маңызы.
6. Биологияны оқытуда пайдаланатын инновациялық әдістер, олардың арасындағы байланыстар.
7. Биологияны оқытуда сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану, оның маңызы.
8. Биологияны оқытудағы дидактикалық принциптер, оларға жалпы сипаттама.
9. Биологияны оқыту әдістемесінің пайда болуы, даму кезеңдері.
10. Биологиядан өткізілетін дәстүрлі, ішінара технологиялық және технологиялық сабақтардың құрылымындағы ерекшеліктер.
11. Оқытуды технологияландырудың дәстүрлі оқытудан ерекшелігі.
12. Білім беруде теория мен практиканың біртұтастығы. Биологияны оқытуда білік пен дағдыны қалыптастыру.
13. Биологияны оқыту әдістемесінің қазіргі кезеңі, ондағы өзгерістер мен жаңа талаптар.
14. Биологияны оқыту әдістемесі ғылым және оқу пәні.
15. Биологиядан оқушылардың білімін бағалау, бағаға қойылатын критерийлер.
16. Биология сабақтарында экологиялық, эстетикалық, табиғат қорғау және патриоттық тәрбие беру.
17. Қазіргі заманғы білім берудегі негізгі бағыттар, олардың ерекшеліктері.
18. Биологияны оқытуда пайдаланылатын бағдарлы сынып оқулықтарының ерекшеліктері. Бір оқулық мысалында қарастыр.
19. Мемлекеттік білім беру стандарттарын мектепке енгізу проблемасы. Биология пәнінің оқу стандарты.
20. Биология пәнін мектепте оқыту мазмұнындағы соңғы кездегі ерекшеліктер. Оларды талда.
21. Биология сабағын жобалау технологиясы негізінде ұйымдастыру.
22. Білім беру парадигмасы, дәстүрлі парадигманың гуманистік парадигмадан ерекшелігі.
23. Биология курсының мазмұны, жүйесі, оның принциптері.
24. Техникалық құралдарды сабақта пайдалану, олардың маңызы.
25. Оқыту әдістемесі, оқыту технологиясының ұғымдары, ұқсастықтары, ерекшеліктері, өзара байланысы.
26. Биологияны оқытуда педагогикалық технологияларды пайдаланудың тиімділігі.
27. Оқушылар білімін тексерудің жолдары мен әдістері, олардың оқу процесінде алатын орны.
28. Мектеп биологиясы пәнінің негізінде қалыптасатын ұғымдар, ұғымдар аппаратына талдау жаса.

29. Оқыту тәсілі ұғымының анықтамасы, оның эволюциясы.
30. Жаңа ғасырдың биология мұғалімдеріне қоятын талаптары.

Ұсынылған әдебиет тізімі

Негізгі әдебиет:

1. Қисымова А.Қ., Обаев С.Н. Биологияны оқыту әдістемесі. Жалпы бөлім: дәріс курсы. Алматы, 2010.
2. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі. – Қарағанды, 2006.
3. Андреева Н.Д., Соломин В.П., Васильева Т.В. Теория и методика обучения экологии: учебник для студ. высш. учеб.заведений / под ред. Н.Д. Андреевой. – М.: Издательский центр «Академия», 2009.
4. Никишов А.И. Теория и методика обучения биологии – М., 2007.
5. Конюшко В.С., Павлюченко С.Е., Чубаро С.В. Методика обучения биологии. – Мн., 2004.
6. Пономарева И.Н., Соломин В.П., Сидельникова Г.Д. Общая методика обучения биологии: Учеб. пособие для студ. пед. вузов / под ред. И.Н. Пономаревой. – М.: Издательский центр «Академия», 2003.
7. Торманов Н., Абылайханова Н.Т. Биологияны оқытудың инновациялық әдістері. Оқу құралы.-Алматы: 2013. -206 б.
8. Жұмағұлова Қ.Ә. және т.б. «Биология» пәні бойынша құзыреттерді қалыптастыру мен дамытудың әдістемесі. – Астана, 2012.
9. Андреева Н.Д., Малиновская Н.В., Соломин В.П. История становления и развития методики преподавания биологии в России. Учебное пособие. СПб. Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2012. –172 с.
10. Трайтак Д.И. Проблемы методики обучения биологии – М.: Мнемозина, 2002.

Қосымша әдебиет:

1. С.Е. Қуанышова. Биологияны оқыту әдістемесі. – Шымкент, 2003.
2. Андреева, Н.Д., Малиновская Н.В. Профессиональная ориентация при обучении биологии в старших классах: метод.пособие для учителя. – М.: Мнемозина, 2009.
3. Андреева Н.Д., Азизова И.Ю., Малиновская Н.В. Новые концептуальные основы обучения биологии в общеобразовательной школе в условиях реализации ФГОС: Учебно-методическое пособие. – СПб.: Изд-во «Свое издательство», 2014. – 219 с.
4. Темпл Ч., Стилл Дж., Мередит К. Бірлескен оқу. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген V- құрал. - Алматы, 2012. – 78 б.
5. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» /Егемен Қазақстан, 11 Қараша , 2014.

6. 68 Темпл Ч., Стилл Дж., Мередит К. Сабақтарды жоспарлау және бағалау. «Сыни ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту» жобасы үшін әзірленген VI- құрал. - Алматы, 2013. – 55 б.
7. Андреева Н.Д., Азизова И.Ю., Левченко А.Л. Как стать ученым?:Рекомендации юным исследователям и их руководителям:Учебное пособие. - СПб.: Изд-во РГПУ им. А.И. Герцена, 2013. - 91 с.
7. Организационно-содержательные модули для предпрофильной подготовки и профильного обучения учащихся по биологии: сб. уч.-метод. материалов / Под общ. ред. А.В. Теремова. – М., 2008.
8. Қисымова А.Қ. Зерттеу жұмысының нәтижелерін жазбаша ресімдеу мен көпшілік назарына ұсыну. – Алматы, 2010.
10. Бабенко В.Г., Зайцева Е.Ю., Пахневич А.В., Савинов И.А. Биология: Материалы к урокам-экскурсиям. – М., 2002.
11. Внеклассная работа по биологии / А.И. Никишов, З.А. Мокеева, Е.В. Орловская, А.М. Семенова. – 2-е изд., перераб. – М., 1980.
12. Қазақстан флорасы мен фаунасы: жоғары сатыдағы өсімдіктер мен омыртқалы жануарлар. Құраст. А.Қ. Қисымова. – Алматы, 2008.
13. Сонин Н.И., Қисымова Ә.Қ. Биологиялық карталар. «Биология. 6-сынып. Тірі организм» оқулығына арналған дидактикалық материал. – Алматы, 2007.
14. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары. – Алматы, 2007.
16. Педагогические технологии. / Под общей редакцией В.С. Кукушкина. – М. – Ростов н/Д, 2006.
15. Проблемы школьного учебника : XX век: Итоги / Под ред. Д.Д. Зуева. – М., 2004.
16. Избасарова Р.Ш. Теория и технология преподавания Познание мира. Учебник для студентов вузов, Алматы, 2008.
17. Избасарова Р.Ш., Мансуров Б.А., Жумагулова К.А. «Применение современных технологий обучения на естественнонаучных дисциплинах общеобразовательной школы» - учебно-методическое пособие. Алматы. «Улагат», КазНПУ им.Абая. 2014. 67с.
18. Жұмағұлова Қ.Ә. Биологияны оқытуда қалыптасатын іс-әрекеттер (презентациялар, сызбалар) мұғалімдерге, студенттерге арналған оқу-әдістемелік құралы. Астана: 2015-41 б. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы.
19. Жұмағұлова Қ.Ә. Биологияны оқытудағы интербелсенді әдістер (презентациялар, сызбалар) мұғалімдерге, студенттерге арналған оқу-әдістемелік құралы. Астана: 2015-61 б. «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы

Құрастырушы-авторлар:

Жұмағұлова Қ.Ә.- п.ғ.к., доцент

Избасарова Р.Ш.- п.ғ.к., профессор

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМА

ВК 1302 Биологияға кіріспе

5В011300 – Биология

2 кредит

Алматы, 2016

Алғы сөз

1. Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің РОӘК «Білім» тобы мамандықтары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігінде **ДАЙЫНДАЛҒАН және ҰСЫНЫЛҒАН**

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен **БЕКІТІЛГЕН және ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

3. Типтік оқу бағдарлама 2016 жылғы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес дайындалған. (Типтік оқу бағдарлама ҚР БҒМ 30.06.2016 ж., № 2 хаттамасымен бекітілген)

4. Пікір берушілер:

Дюскалиева Г.О.- б. ғ. д., профессор, Қазақ Мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Бекенова Н.А - б. ғ. к., доцент Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

5. ҚР БҒМ Републикалық Оқу-әдістемелік Кеңесі мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН 30.06.2016 ж., Хаттама № 2.**

Осы типтік бағдарламаны Абай атындағы ҚазҰПУ жанындағы ҚР БҒМ РОӘК «Білім» тобындағы мамандықтары бойынша ОӘБ рұқсатынсыз көбейтуге және таратуға болмайды.

I. Түсінік хат

«Биологияға кіріспе» пәнінің мақсаты:

«Биологияға кіріспе» пәнін оқыту тірі табиғат дамуының жалпы заңдылықтарын ашып көрсету.

Пәннің міндеттері:

- тірі жүйе ұйымдастырылуының негізгі кезеңдерін ашып көрсету;
- студенттерді биология ғылымының негізгі түсініктерімен таныстыру;
- тіршіліктің негізгі формаларын оқыту ;
- биологиялық терминологияны пайдалануға үйрету;
- студенттерді биологиямен байланысты практикалық проблемаларды сауатты қабылдауға үйрету.

Білім беру бағдарламасының құрылымындағы пәннің орыны:

«Биологияға кіріспе» пәні 5B011300-Биология мамандығы бойынша білім беру бағдарламасында арнайы пәндер модулінің негізгі компоненті. «Биологияға кіріспе» пәнін меңгеруде студенттер мектепте өткен биология, химия, физика, экологиядан қалыптастырған білімдерін пайдаланады (**пререквизиттер**).

«Биологияға кіріспе» пәнін меңгеру «Ботаника», «Зоология», «Адам анатомиясы», «Генетика», «Адам және жануарлар физиологиясы», «Микробиология» пәндерінің вариативті бөлімдерін әрі қарай оқуда, сонымен қатар ботаника, зоология, қолданбалы биологиядан оқу-дала практикасын өтуге қажет болады (**постреквизиттер**).

Пәнді меңгеру нәтижесіне қойылатын талаптар:

Пәнді оқыту үрдісі **кәсіби құзыреттілікті** қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Кәсіби құзыреттілік:

Біліктіліктің жоғары әлеуметтік маңыздылығын, біліктілік этикасының қағидаларын сақтауға қабілетті болуы.

Қолданбалы міндеттерді және олардың тиімді жұмыс істеуін сараптауға қабілетті болуы.

Кәсіби қызметінде жеке тұлғаның өз бетінше дамудың тәсілдерін меңгеру.

Пәнді оқыту үрдісі **пәндік құзыреттілікті** қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Пәндік құзыреттілік:

Биологияның концептуальды және теориялық негізін, биологияның жалпы ғылым жүйесіндегі орынын және құндылығын, даму тарихын және қазіргі заманғы жағдайын білуі керек.

Биологияның фундаментальды заңдарын және теориясын, табиғаттағы құбылыстар мен үрдістердің биологиялық мәнін меңгеру керек.

Биологияның теориялық және экспериментальдық негізін және биологияны оқыту технологиясынан білімін қолдануға қабілетті болуы.

«Биологияға кіріспе» пәнін оқу нәтижесінде студент:

- биология ғылымының шығу тарихын, қалыптасуын;
- биологияның негізгі түсінігін;
- биология ғылымының методологиялық аспектісін **білуі керек**;
- теориялық білімін практикада және экспериментальдық зерттеулерде қолдануды;
- алған білімін аралас пәндерді және арнайы курастарды өткенде;
- микроскопиялық техникамен, өлшегіш аспаптарды **қолдана білуі**;
- морфологияны, анатомияны (препарат жасау) және тірі ағзалардың экологиясын оқуда әдістер мен тәсілдерді **меңгеруі керек**.

Пәннің тақырыптық жоспары

1. Кіріспе.
2. Тіршіліктің пайда болуы және оның мәні.
3. Тірі жүйенің ұйымдасушылық деңгейі туралы түсінік.
4. Химиялық құрылыстық блоктар.
5. Жасуша биологиясына кіріспе.
6. Жасушадағы зат және энергия алмасуы.
7. Көбею типтері. Онтогенез.
8. Эволюция теориясына кіріспе.
9. Органикалық әлемнің көптүрлілігі.
10. Антропогенез.
11. Ағзалардың ортамен өзарақатынасы
12. Биосфера. Биосфера эволюциясы. Ноосфера.

II. Пән мазмұны

1. Кіріспе

Биологиялық ғылымдар, ғылымның дифференциалануы және интеграциясы, биологиялық ғылымдар жүйесі, қазіргі заманғы бағыттары.

Биология ғылымын зерттеу нысаны және тірі нысанды ұйымдасу деңгейіне байланысты жіктеу. Пәннің міндеттері. Биологияның ғылыми

жаратылыстанудағы әлемдік маңызы. Тірі жүйені әлемнің өлі табиғатынан ажыратушы негізгі белгілері.

Биологиялық зерттеулердің әдістері, биологиядағы ғылыми әдістер, ғылыми ой-пікірді нақты дәлелдеп заңдылықтарға жетілдіріп, әрі қарай болжам ретінде қалыптастырып, қазіргі заманғы биологияның теориясы және заңы ретінде бекіту. Биология тарихы (ежелгі ғасыр, ортағасыр, 18 және 19 ғасыр, қазіргі заманғы этап).

2. Тіршіліктің пайда болуы және оның мәні.

Органикалық дүниенің пайда болу теориясына тарихи көзқарас. Креационизм. Стационарлық жағдай теориясы, тіршіліктің өздігінен пайда болуы, панспермия, биохимиялық эволюция. Тіршіліктің өз бетінше пайда болуы. Франческо Реди және Луи Пастер еңбектерінің маңызы. А.И.Опарин, Дж Холдейн, Гарольда Юридің көзқарастары. Тіршіліктің шығу тегіне қазіргі заманғы көзқарастар. Химиялық эволюция У.Харисон, М.Кальвин, С.Миллер, С.Фокс тәжірибелері. Коацерваттық болжам. Биохимиялық эволюцияның кезеңдері: қарапайым органикалық молекуланың түзілуі, макромолекуланың түзілуі, репликация механизмінің пайда болуы. Тіршіліктің пайда болуының заманауи теориясы (Опарин А.И.). Биологиялық жүйелер: тұйық, ашық және салыстырмалы оқшауланған.

Тіршілікті сипаттаушы заңдылықтар: өздігінен жаңару, өздігінен пайда болу, өздігінен қалыптасу. Өздігінен жаңарудың негізіне заттар мен энергияның ағымы жатады, өздігінен пайда болудың негізі – бірін-бірі алмастыратын биожүйенің генерациясы; өздігінен қалыптасу заттар, энергия және ақпараттар ағымына негізделген.

Тіршіліктің негізгі көрінісін анықтаушы заңдылықтар: зат және энергия алмасу, тітіркенушілік, гомеостаз, репродукция, тұқымқуалаушылық, өзгергіштік, онтогенез, филогенез.

3. Тірі жүйенің ұйымдасушылық деңгейі туралы түсінік.

Тіршіліктің жүйелік ұйымы. Тірі жүйенің ұйымдастық деңгейлері (органикалық молекулалар, макромолекулалар және олардың ансамблдері, жасушалық органеллалар, жасушалар, ұлпалар, мүшелер, ағзалар, популяциялар, түрлер, бірлестік, экожүйелер, биосфера).

Молекулярлы – генетикалық деңгей. Нуклеин қышқылдарының тұқымқуалаушылық ақпараттарын сақтаудағы рөл. Жасушалық деңгей: жасуша органоидтары. Ұлпалар, анықтамасы, құрылысы. Ұлпа түрлері.

Ағзалық деңгей. Жасушаның және бүкіл ағзаның принциптік ұқсастығы.

Популяциялық – түрлік деңгей. Түр анықтамасы. Ареалдар. Эндемикалық түрлер, космополит түрлер. Популяцияның анықтамасы, оның эволюция үшін маңызы.

Биогеоценодикалық деңгей. Бірлестік түсініктемесі, бірлестіктерді категория бойынша жіктеу.

Биосфералық деңгей. Тіршіліктің материалдық мәні. Тіршілік табиғатына тарихи даму көзқарасы. Тіршілік мәніне заманауи көзқарас.

4. Химиялық құрылыстық блоктар

Ағзалардың элементарлық химиялық құрамы. Химиялық көзқарас бойынша тірі және өлі нысандарды салыстыру. Биологиялық макромолекуланың негізгі элементтері. Микроэлементтер, ағза үшін олардың маңызы. Тірі жасушадағы судың ерекшелігі, болжам және дәлелдемесі. Судың негізгі маңызды биологиялық функциясы.

Биологиялық маңызды қосылыстардың негізгі типтері. Биологиялық макромолекуланың негізгі типтері. Мономерлер, олигомерлер, полимерлер түсінігі. Макромолекулалар – полимерлер. Тірі ағзаларға тән макромолекуланың төрт типтері: көмірсулар, ақуыздар, нуклейн қышқылдары, майлар.

Тірі ағзалардың негізгі макромолекулаларының элементарлық бірліктері. Олардың жалпы классификациясы. Құрылу қағидалары және биологиялық функциясы.

5. Жасуша биологиясына кіріспе.

Жасуша ілімі – цитологияның даму этаптары. Жасуша теориясы , негізгі қағидалары. Жасушаны зерттеу әдістері. Жарық микроскопиясы. Жарық микроскобының құрылыс принципі, оның мүмкіндігі. Электрондық микроскопия. Электронды микроскоп құрылысының принципі. Жасуша типтерінің тұтастығы және әралуандығы. Жасушаның негізгі типтері: прокариоттық жасуша - бактериалдық және эукариоттық жасуша – өсімдік және жануар. Жасушаның екі типінің ұқсастығы және айырмашылығы. Екі жасуша типтерінің негізгі құрылымдық – функциональдық ерекшеліктері. Эукариоттардың шығу тегінің симбиотикалық теориясы.

Эукариоттық жасуша. Жасуша ұйымдастығының құрылымдық принципі. Жануарлар және өсімдіктер жасушасы құрылысының жалпы сызбасы. Жануарлар және өсімдіктер жасушаларының ұқсастығы және айырмашылығы. Кез келген жасушаның негізгі құрылымдық бірлігі. Жасушалық цикл. Жасушалық циклдің басты стадиялары: интерфаза, кариокинез, цитокенез. Митоз. Митоздың принциптік сызбасы. Тельмерлер және оның жасуша бөлінудегі рөлі. Митоздың маңызы: генетикалық тұрақтылық, өсу, регенерация, жасуша орынбасуы, жыныссыз көбею. Амитоз. Эндомитоз. Политения. Митотикалық белсенділіктің реттелуі.

Мейоз. Мейоздың принциптік сызбасы. Мейоздың ағзалар үшін маңызы: жынысты көбею, генетикалық өзгергіштік.

6. Жасушадағы зат және энергия алмасу

Энергетикалық және трофикалық алмасулардың реттелуінің жалпы аспектілері. Катоболизм. Анаболизм. Катоболизм және анаболизмнің өзара байланысы. Тірі ағзадағы жұмыс істеуші термодинамиканың екі заңы. Қоректену тірі ағзаның энергия және зат алмасу үрдісі екендігі. Фототрофты және хемотрофты ағзалар. Автотрофты және гетеротрофты ағзалар. Бұл ағзалар формаларының тірі табиғаттағы мәні және қатынасы. Тірі ағзалар үшін алғашқы және екінші энергия көздері. Трансформация және энергияны пайдалану. АТФ құрылымы және қасиеті. Энергетикалық алмасудың реакциялары.

Фотосинтез: жарық және қараңғы реакциялары. Энергетикалық және пластикалық алмасудың ілесуі. Нәруыз биосинтезі, кезеңдері, маңызы.

7. Көбею типтері. Онтогенез.

Көбею стратегиясы. Көбею түрлері: жыныссыз және жынысты. Жыныссыз көбеюдің типтері. Бөліну: бинарлық және көпшілік (шизогония). Споруляция. Бүршіктену. Фрагментация: табиғи және кездейсоқ. Вегетативтік көбею. Жыныссыз көбеюдің маңызы. Клондау жыныссыз көбеюдің бір жолы. Клондаудың тарихы.

Жынысты көбею. Гаплоидты және диплоидты жасушалар. Гаметалар. Дара жынысты және қос жынысты дарақтар. Жынысты көбеюдің типері: нағыз жынысты. Гермофродитизм, протогенез. Жынысты көбеюдің тарихи шығу тегі.

Ұрықтану. Табиғатта көбею мен дамуға тарихи көзқарас. Преформизм. Эпигенез. Ағзалардың жеке дамуы. Онтогенез туралы түсінік. Онтогенез кезеңдері: эмбрионалды және постэмбрионалды. Эмбрионалды кезеңнің негізгі сатысы: бөлшектену, гаструляция және алғашқы органогенез. Онтогенездің типтері.

Постэмбрионалды даму кезеңі: тікелей немесетікелей емес (метаморфоз). Сипаттамасы мен ерекшеліктері. Филогенез туралы түсінік. Онтогенез бен филогенездің арақатынасы.

К. Бэрдің ұрықтың ұқсастық заңы. Жануарлар эмбриондарының дамуының ерте сатысында ұқсастықтары.

Э. Геккелдің биогенетикалық заңы. Онтогенез - филогенездің қысқа әрі тез қайталануы.

8. Эволюция теориясына кіріспе.

Ертедегілердің табиғатқа көзқарасы. Табиғаттың дамуына орта ғасырдағы, жаңғырту заманындағы ғалымдардың көзқарасы.

К. Линней жануарлар және өсімдіктер систематикасының негізін қалаушы. Ж.Б. Ламарктың эволюциондық теориясы. Алғашқы орыс эволюционистері.

Ч. Дарвиннің эволюциялық ілімі. Ч. Дарвин бойынша тұқымқуалаушылық, өзгергіштік. Жасанды сұрыптау. Эволюцияның

қозғаушы күштері. Табиғи сұрыптау. Тіршілік үшін күрес. Табиғи сұрыптау формалары. Тірі ағзалардың орта жағдайына бейімделуі және оның сипаты.

Түрдің анықтамасы. Түр критерийі. Түр түзілуі. Түр түзілу механизмі- белгілердің дивергенциясы. Түр түзілудің географиялық әдісі. Түр түзілудің экологиялық әдісі. Органикалық дүние эволюциясының жолы және бағыты.

Ағзалардың эволюциясы- биологиялық жүйе деңгейлерінің тарихи өзгеруі (молекулалық деңгейден биосфералық деңгейге дейін).

Биологиялық прогресс. Биологиялық регресс. Эволюцияның басты бағыттары: а) ароморфоз; б) идиоадаптация; в) жалпы дегенерация. Популяциялық генетика туралы түсінік. Микро-, макро эволюция туралы түсінік. Популяция – эволюцияның элементарлық бірлігі. Мутациялар – эволюцияның элементарлық материалы. Элементарлық эволюциондық факторлар.

Органикалық дүние эволюциясының дәлелдемесі. Салыстырмалы анатомиялық дәлелдеме: ағзалардың жасаушалық құрылысы, гомологиялық және аналогиялық мүшелер, рудименттер және атавизмдер. Эмбриологиялық дәлелдемелер. Биогенетикалық заң. Палентологиялық дәлелдемелер.

1. Органикалық әлемнің көптүрлілігі.

Жүйелік принциптері мен таксономиясы. Функционалдық белгілеріне қарай биологиялық ағзаларды табиғатта дүниелерге бөлу. Әртүрлі дүниелердің өкілдерінің типологиялық ерекшеліктері.

Вирустар. Вирустар материяның ерекше құрылымды формасы. Вирустардың мөлшері мен құрылымдары. Симметриялы екі типтері (спиральды және кубтәрізді). Өмірлік циклы. Вирустар өсімдіктер, жануарлар мен адам ауруларын тудыратын қоздырғыштар.

Бактериялар. Бактериялардың құрылымы. Грамм-оң и грамм-теріс бактериялар. Өсуі мен көбеюі, өмірлік циклы. Бактериялардың адам өмірінде және табиғаттағы маңызы.

Саңырауқұлақтар. Өсімдіктер мен жануарларға ұқсастық жақтары. Саңырауқұлақтардың құрылымы. Саңырауқұлақтардың көректену тәсілі. Көбеюі. Размножение. Жүйесі және маңызы.

Мүктер, құрылымы, көбеюі мен маңызы.

Өсімдіктер. Жалпы сипаттамасы. Систематикасы. Негізгі жүйелік топтарына қысқаша сипаттама.

Жануарлар. Жалпы сипаттамасы. Систематикасы. Негізгі жүйелік топтарына қысқаша сипаттама.

10. Антропогенез.

Жануарлар жүйесі әлеміндегі адамдардың орны. Адамның шығу тегінің дәлелдемесі. Адамдардың жануарлардан айрықша белгілері.

Ф.Энгельстің адамдардың шығу тегінің еңбек жолы теориясы. Адамдардың арғы тегі – қазба түріндегі адам тәрізді маймылдар. Адамдардың қалыптасу кезеңдері: көне адамдар, ертедегі адамдар, қазіргі заманғы адамдар. Нәсілдер және нәсілдер теориясы.

11. Ағзалардың ортамен өзарақатынасы

Экология негіздері. Экологияның міндеттері мен әдістері. Экологиялық факторлар туралы түсінік, олардың қарқындылығы.

Толеранттылық диапазоны (тұрақтылығы). Биоценоздар, биогеоценоздар, экожүйелер. Экожүйенің құрамдас бөлігі. Қоректену тізбегі. Экологиялық пирамида ережесі. Ортаның экологиялық факторлары. Тірі ағзалардың өзарақатынастарының формалары (мутуализм, селбесу, комменсиализм, тоғышарлық және т.б.). Адам қызметінің органикалық дүниеге әсері.

12. Биосфера. Биосфераның эволюциясы. Ноосфера

Биосфера туралы ілім. Тіршіліктің жаһандық заңы. В.И. Вернадскийдің 1 заңы. Биосфера құрылымы. Биосфераның шекарасы.

Тірі заттың сипаттамасы. Жанама заттың сипаттамасы. Ноосфера туралы ілім. В.И. Вернадскийдің 2 заңы.

Заттар мен энергияның табиғатта жаһандық биотикалық айналымы. Адамның табиғатқа тікелей әсер етуі. Табиғатты қорғау биологиясы: а) табиғатты қорғау шаралары; б) қорықтық территориялар (қорықтар, қорықшалар, табиғи ұлттық бақтар, табиғат ескерткіштері). Табиғатты тиімді пайдалану.

Практикалық сабақтар тақырыбының үлгілік тізбесі

1. Биологиялық зерттеулердің әдістері, биологиядағы ғылыми әдістер.
2. Тіршіліктің пайда болу теориясы.
3. Тірінің негізгі қасиеттері.
4. Тірі жүйелер ұйымының деңгейлерінің иерархиясы.
5. Жасушаның химиялық құрамы.
6. Жасушаға дейінгі және ядроға дейінгі формалар.
7. Тірі ағзалардың жасушаларының құрылысы.
8. Заттар мен энергияның алмасуы.
9. Көбею формалары.
10. Жеке даму заңдылықтары.
11. Түр, түрдің критерийлері.
12. Органикалық әлемнің көптүрлілігі.
13. Адам эволюциясының негізгі кезеңдері.
14. Экожүйелер, оның сипаттамасы.
15. Биосфера эволюциясы және оның құрылымы.

СОӨЖ тақырыбының үлгілік тізбесі

1. Биологияның даму тарихы .
2. Биологиялық ғылымдар, ғылымның дифференциясы және интеграциясы, биологиялық ғылымның жүйесі, қазіргі заманғы бағыттары.
3. Биологиялық зерттеулердің әдістері, биологиядағы ғылыми әдістер.
4. Тірі жүйелер ұйымының деңгейлері туралы түсінік. Бұл деңгейлердің иерархиясы.
5. Тірі жүйелер интеграциясын әрбір деңгейде зерттеу әдістері.
6. XVII-XIX ғасырдағы көрнекті табиғат зерттеушілері және оларды биологияда теориялық жалпылауы.
7. Дарвинизм және биологиядағы қазіргі заманғы эволюциялық идеялар.
8. Эволюция және прогресс, түсініктер қатынасы прогресс критерийі.
9. Биологиядағы маңызды теориялар және негізгі жалпыламалар.
10. Биосфера, жер бетіндегі энергия айналысы.
11. Биосферадағы трофико- динамикалық энергия алмасу деңгейі.
12. Экожүйе: құрамы, құрылысы және тұрақтану факторлары.
13. Әлемнің экологиялық түсінігі.
14. Қазіргі заманғы биологияның фундаментальды проблемалары .
15. Табиғатты пайдаланудың әлеуметтік проблемалары, тұрақты дамудың концепциясы.

СӨЖ тақырыбының үлгілік тізбесі

1. Тірі материяның негізгі заңдылықтары және қасиеті.
2. Тіршіліктің негізгі формалары (жасушаланбаған, жасушаланған).
3. Жасушаның құрылымдық функциональдық ұйымдастығы.
4. Жасушаның тіршілік циклі. Интерфаза. Митоз. Мейоз. Ағзалардың көбею формалары.
5. Онтогенез, филогенез түсінігі. Биологиялық жасты анықтау, жастық жіктелу. Қартаюдың гипотезасы және теориясы.
6. Биологиялық өсу және дамудың жалпы сипаттамасы. Өсу және дамуға сыртқы және ішкі факторлардың әсері.
7. Адам генетикасы, оның ерекшеліктері және негізгі бағыттары
8. «Тіршілік» түсінігіне анықтама. Жер бетінде тіршіліктің пайда болуының негізгі теориясы. Биогендік және абиогендік теориясы.
9. Академик А.И. Опариннің жер бетінде тіршіліктің шығу тегі жайлы гипотезасы. Қоректену тәсілі, алғашқы тірі ағзалардың энергиямын қамтамасыз етілуі.
10. Ч.Дарвин бойынша тұқымқуалаушылық және өзгергіштік. Өзгергіштіктің түрлері және формалары.

11. Биологиялық эволюция түсінігі. Эволюцияның қозғаушы күштері.
12. Микро және макроэволюция түсінігі. Тимофеева – Ресовскийдің концепциясы.
13. Экожүйелер, түрлері, экожүйе құрылымы.
14. Тіршіліктің жаһандануының заңы. В.И.Вернадскийдің бірінші заңы. Ноосфера туралы ілім (В.И.Вернадскийдің екінші заңы).
15. Табиғи ресурстар. Табиғатты тиімді пайдалану.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

Негізгі:

1. Альбертс Брюс и др. Молекулярная биология клетки. т.1-3, М., 2013 2821с.
2. Кемп П., Армс К. Введение в биологию. - М.: Мир, 1998, 375с.
3. Дарвин Ч. Происхождение видов путем естественного отбора. В 2 книгах.- изд-во Терра-книжный клуб: 2009 г., 704 с.
4. Константинов В.М. Общая биология.- изд-во: Академия, 2004 г., 256 с.
5. Марков А.В. Эволюция человека. изд-во:Астрель, 2012 г., 464 с.
6. Левитин В. Удивительная генетика. изд-во: Энас, 2013 г., 256с.
7. Намзалов Б.Б. Введение в биологию.- Улан-Удэ, 2004, 214с.
8. Пояркова И.И. Курс лекций по общей биологии. – Смоленск, 2007, 265с.
9. Д.Тейлор, Грин Н., Стаут У.Биология. т. 1-3.- изд-во: Бином. Лаборатория знаний, 2013 г., 1352 с.
- 10.Чебышев Н.В., Гринева Г.Г. Биология.- изд-во: Медия, 2010 г., 416 с.

Қосымша:

1. Высотская Л.В. и др.Общая биология – М., 2001, 178с.
2. Евсеенко Л.Н. Биология с основами экологии. – Омск, 2006, 278с.
3. Мамонтов С.Г. Биология: Учеб. пособие / С.Г. Мамонтов, 7-е изд., стереотип. – М.: Дрофа, 2004, 418с.
4. Мантатов В.В. Стратегия разума: экологическая этика и устойчивое развитие. – Улан-Удэ, 1997, 120с.
5. Пехов А.П. Биология с основами экологии / А.П. Пехов. - М.: Изд-во Лань, 2007. - 687 с.
6. Поллак Дж. Клетки, гели и двигатели жизни. CD, 2006, 235с.
7. Современное естествознание. Энциклопедия. Общая биология. –2002, 510с.
8. Финкельштейн А., Птицын О. Физика белка. - М.: Книжный дом «Университет», 2002, 275с.
9. Ярыгин В.Н. Биология. В 2кн.: Учеб. пособие для мед. спец. вузов / В.Н.Ярыгин, В.И.Васильева, И.М. Волков, - 6-е изд. стереотип. – М.: Высшая школа, 2004, 380с.

Интернет-ресурсы:

<http://dic.academic.ru> – энциклопедия «Академик».
<http://ru.wikipedia.org> – Свободная энциклопедия.
www.wwf.ru – Всемирный фонд дикой природы.

Күрастырғандар:

Айдарбаева Д.Қ. – б. ғ. д., профессор

Батырова К.И. – б. ғ. к., доцент